

### Тәрбие жұмысы

Мектептің тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен білім берудің нормативтік құжаттары негізінде құрылған:

- ✓ «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
- ✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>;
- ✓ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 (19.04.2019-ға өзгерістер мен толықтырулармен)  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 мамырдағы №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067>);
- ✓ «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы)  
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare>
- ✓ «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 9 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085>);

Оқу жылының басында атқарылған жұмыстарға талдау жасау арқылы жаңа оқу жылына міндеттер айқындалды. Сонымен қатар тәрбие шараларына бақылау-басшылық жасау іске асты. жасалған, мақсат, міндеттері көрсетілген. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру құрылымына директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашы, педагог-психолог, әлеуметтік педагогтың қызметі кіреді. Осылайша, мектептің тәрбие жүйесі сыныптың және жалпы мектептің тәрбие қызметін жоспарлы ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған.

Қазіргі таңда мектебімізде 791 бала тәрбиеленіп, білім алуда. Оның ішінде:

жалғыз басты аналарының тәрбиесінде	әкесінің тәрбиесінде	өгей анасының тәрбиесінде	Өгей әкенің тәрбиесінде	Қамқорлықтағы бала саны
73 бала	8 бала	2бала	6 бала	3 бала

2021-2022 оқу жылында және 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүзеге асырылды.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысы 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды.

- 1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Ал 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша құндылыққа негізделген тәрбие жұмысы жүзеге асырылуда.

Тәрбие жұмысының соңғы 3 жылға арналған жұмыс жоспары сілтемелерде берілген:

2021-2022 оқу жылы

<https://drive.google.com/file/d/1pWnqoQMn7s3rFjE8UXBnUGihzttxDI1m/view?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылы

<https://drive.google.com/file/d/1WFBgW5njwc3XhdexojAqy86OLufuS6Oh/view?usp=sharing>

2023-2024 оқу жылы

[https://drive.google.com/file/d/1SLotGkUbNgEmrn\\_vQPACUY2ykDXFhcMK/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1SLotGkUbNgEmrn_vQPACUY2ykDXFhcMK/view?usp=sharing)

### **1.Патриоттық сананы қалыптастыру. Құқықтық тәрбие**

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын

құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады. Сол сияқты тәрбие тұжырымдамасында тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қағидаларында этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім жөнінде атап көрсеткен. Осы орайда мектепте мемлекеттік мерекелеріне және атаулы күндеріне арналған концерттік бағдарламалар, Отан туралы, туған жер туралы мәнерлеп оқу сайыстары, танымал ақын, жазушылардың әдеби оқулары, шығармашылық байқаулар, суреттер, плакаттар мен газеттер конкурстары, спорттық жарыстар т.б.с.с шаралар өткізілді. Аталған іс-шараларды ұйымдастыруға оқушылар асқан белсенділікпен қатысты.

"Жас Ұлан" БМЖҰ-ның жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі. Негізгі принциптер: ашықтық, адалдық және өзін-өзі басқару. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде зияткерлік, шығармашылық, спорттық даму және қоғамдық қызмет ерекше басымдыққа ие. "Жас Ұлан" БМЖҰ-ның 327 мүшесі бар, Жас Қыран – 344.

Патриоттық тәрбие аясында "Жас Ұлан" БМЖҰ мүшелері жыл сайын дәстүрлі және дәстүрлі емес "Үлкенге құрмет, кішіге ізет", "Қайырымдылық", «Мектепке жол», «Еріктілер», «Құстарға қамқорлық», акцияларына қатысады. Оқушылардан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін білуге, ҚР Гимнін үздік орындауға үйрету және білімдерін тексеруге сауалнама алынды және сауалнама нәтижесі бойынша қосымша жұмыстар жүргізілді. "Жас Ұлан" БМЖҰ-ның мүшелері қалалық әр түрлі іс-шараларға, «Ту ұстаушылар» қалалық байқауына қатысып жүлделі орындар иеленді.

2022 жылдың Наурыз айында Балқаш қаласының 85 жылдығына, Ұлы Жеңістің 77-жылдығына Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің 30 жылдығына арналған «ҰЛАН» қалалық әскери-спорттық ойынында жүлделі I орынмен, «АЛАУ» қалалық әскери-спорттық ойынында жүлделі III орынмен марапатталды. 4-6 мамыр аралығында өткен Республикалық «Жас Ұлан» әскери-спорттық ойынның финалында квиз-викторина номинациясы бойынша жүлделі III орын иеленді.

Сонымен қатар мектептің Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде «Мектеп парламентінің» жұмысы жүйелі жолға қойылған. Оқу жылының басында мектеп Президенті мен фракция жетекшілері сайланып, жылдық жұмыс жоспары негізінде іс-шаралары ұйымдастырылып мектепшілік, қалалық байқауларға жүйелі қатысып, жүлделі орындармен марапатталып отырды.

Жалпы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізді.

1. Мектепте сабақтан себепсіз қалатын оқушылар жоқ. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы күн сайын қадағаланады. Сабаққа келмеген оқушылардың сынып жетекшілері ата-аналарына хабарласып себебін анықтады, ата-аналармен байланыста болды. Мектеп әкшімілігі кешкі

уақыттарда саябақтарға, көл жағалауына, ойын сауық орталықтарына рейд жүргізді.

2. Оқушылар арасында құқық бұзушылықты ескерту, алдын алу бойынша психологиялық қызмет жұмысы бойынша арнайы жұмыс тобы құрылған, жылдық жұмыс жоспары жасалып бекітілген, жоспар негізінде жұмыстар жүргізіледі.

Жыл ағымында балалар мен жеткіншектерді мектептік және мектептен тыс өткізілетін үйірмелерге, спорттық секцияларға, қосымша білім беру ұйымдарына, аула клубтарына қатыстыруға жұмылдыру жұмыстары ұйымдастылды. Мектепте пәндік үйірмелер, спорттық секциялар жұмыс жасайды, барлық оқушылар мектептік және мектептен тыс өтетін үйірмелерге тартылған.

Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құрылған. Әр айдың соңғы аптасында Кеңес отырыс өткізіледі. Оқушылар арасында «Девиантты» мінез-құлықты балалар санатына жататын оқушылар жоқ. Сынып жетекшілер мектеп педагог-психологпен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сауалнамасы алынды. Бұл тестті алудағы мақсат баланың оқу мотивациясын анықтау. Жасөспірімдер арасындағы буллинг – кешенді тәсілді қажет ететін мәселе. Мектептегі буллингтің алдын алу бойынша жасырын сауалнамалар жүргізіліп, «Кибербуллинг туралы әңгімелесейік», «Мен әлеуметтік желідегі зорлық-зомбылыққа қарсымын», «Әлеуметтік желінің, онлайн ойындардың зияны» тақырыптарында оқушыларға іс-шаралар өткізілді. «Балалардың интернетке тәуелділігі – жаңа дерт!», «Балалардың желідегі қауіпсіздігі буллинг және кибербуллинг», «Кибербуллинг: қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады?» тақырыптарында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді.

Әр аптаның дүйсенбісі ЮП инспекторы А.Нұрбекпен, Н.Қоразбаевпен кездесу өткізіліп, ақпараттық-насихаттау жұмыстары ұйымдастырылды және онда оқушылар елде және әлемде болып жатқан оқиғалармен, жаңалықтарымен танысады, мамандармен бірлесіп талқылайды. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Кеңес отырысына «Тәуекел тобына» жататын оқушылар мен сынып жетекшілері, мектеп әкімшілігі, «Бәйтерек» әкелер ұйымының қатысуымен өткізілді.

Мектеп бойынша соңғы 3 жылда МІБ тізімінде және ҚЮП есебінде тұрған оқушылар болды.

#### Соңғы 3 жылға салыстырмалы мониторингі:

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
ҚЮП	2	1	0
МІБ	3	4	3

#### 2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру мақсатында, рухани- адамгершілік бағытында

«Мейірімді жүрек» тақырыбында қамқоршылар кеші, «Қариясы бар ел-қазынасы бар ел» атты 1-қазан - Халықаралық қарттар күніне арналған іс-шаралар дәстүрлі түрде өткізіліп отырды. Рухани адамгершілік бағытында 9-сынып оқушыларына қалалық дінді зерттеу және талдау орталығынан мамандар келіп, мектеп оқушыларын отансүйгіштікке, имандылыққа патриотизмге этика мен ұлтжандылыққа баулу мақсатында кездесу өткізді.

Мектеп кітапханасында іс-шаралар әр апта сайын ұйымдастырылды. Жыл бойы парасаттылық сағаттары өткізілді. "Парасаттылық сағаты" акциясының негізгі мақсаты – парасаттылық идеологиясын ілгерілету және танымал тұлғалардың өмірі мен еңбек жолы арқылы өскелең ұрпақтың бойында адалдық, әділдік, парасаттылық және сенім сияқты маңызды адамгершілік құндылықтарды дарыту. Оқушылар Қалқаман Сарин, Шәкәрім, Сәкен Сейфуллин, Төле би және т. б. көрнекті қайраткерлер туралы білімдерін кеңейтті.

«Балқаш қалалық ішкі саясат бөлімі» ММ «Балқаш қаласының конференцияаралық қатынастар мәселесін зерттеу және талдау орталығы» КММ бас маманы оқушыларға қазіргі уақытта діни экстремизм ерекше назарға алынғаны туралы интернет ресурстарын дұрыс пайдалану және экстремистік сайттарды қолданбау керектігін ескеріп, ай мен күннің аманында дін жолынан адасып жүрген жастар көбейгенін база айтты. Рухани келісім апталығына іс-шаралар жасалды.

### **3. Ұлттық тәрбие**

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында, ұлттық тәрбие бағытында тақырыптық сынып сағаттары, «Жаса, Наурыз – жыл басы!», «Халықтар достығы - бірлікте», «Татулық - ел тірегі» тақырыбында мәдени шаралар жоспарланып өткізілді. Ұлттық және Отбасы тәрбие беру бағытында аға тәлімгер «Қыз қылығымен» тақырыбында аналарының қатысуымен ашық әңгімелер, кездесулер өткізді. 5-1 сынып қыздарының арасында қыздар жиналысы «Мейірім» аналар ұйымының, дәргерлердің қатысуымен өткізді. Жиналыста қыз балалар этикасы мен санитарлық-гигиеналық тазалығы туралы мектеп психологы видео көрсету арқылы қыз баланың адамгершілік қасиеттері туралы, қыз тәрбиесі жайында сөз қозғады. «Мейірім» аналар ұйымының қатысуымен «Қыз еркем, анасымен көркем» аналар сайысы, «Қайырымды Ұлт» акциясы, «Бес тас», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Тоғызқұмалақ», «Армысың, эз-Наурыз!» ертеңгіліктері өткізілді.

### **4. Отбасы тәрбиесі**

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру мақсатында отбасылық тәрбие бағытымен «Отбасы-бақыт мекені» апталығы өткізілді. Мектепте «Бәйтерек» әкелер, «Мейірім» аналар кеңесі 2014 жылдан бастап жұмыс жасайды. Арнайы жұмыс жоспары құрылды. Әкелер, аналар мектебінің Ережесі бекітілді. 10 адамнан тұратын мүшелері және оның ішінен төрағасы тағайындалды. Жұмыс жоспары бойынша жұмыстар

атқарылып келеді. Әкелер, аналар кеңесі мүшелерінің отырыстары өткізіліп, алдағы ұйымдастырылатын жұмыстар талқыланып отырады.

-Әкелер, аналар кеңесі мүшелерін қатыстыра отырып таңғы жаттығуға, сабаққа кешігіп келетін оқушыларды бақылау мақсатында рейд ұйымдастырылды. Қорытындысы жалпы ата-аналар жиналысында талқыланды.

-Каникул күндері әкелер кеңесі мүшелері ИБ қызметкерлері, мектеп әкімшілігімен біріге отырып «Түнгі қаладағы жасөспірімдер» түнгі рейдке шықты. Сағат түнгі 22.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүрген жасөспірімдермен әңгіме жүргізіліп, түсініктеме алынды. Жалпы ата-аналар жиналысында, мектеп бойынша жалпы әкелер, аналар жиналысында «Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» тақырыбында баяндама жасады. Алдын алу кеңесі отырысына қатысып, тәртіп бұзған оқушылармен әңгіме жүргізді. отбасылық спорттық сайыстарға қатысты. Қамқоршылар күні мерекесінің өткізілуіне атсалысты. «Өмірлік дағдылар» атты үш алаң бойынша ата-аналар қауымдастығының форумы өтті. Форумға мектебіміздің ата-аналары, оқушылар, ұстаздар қатысты. Мектебіміздің ата-аналары алғыс хатпен марапатталды.

#### **5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында, тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында, дәстүрлі Еңбек күніне арналған қолөнер жәрмеңкесі, «Еңбек – өмір мәні» (өндіріс орындарына саяхат), «Мектеп ауласын абаттандыру» көгалдандыру акциясы, оқушыларды жазғы еңбекпен қамту сияқты жұмыстар жүргізіледі. Парламент ұйымының ұйымдастыруымен «Қоршаған ортаны қорғайық» сенбіліктер мектеп бөлмесіндегі гүлдерге көмек акциялар өтеді. «Жасыл» энергия апталығы аясында қалалық іс-шараларға қатысып сыйлықтармен, дипломмен марапатталды.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында кәсіптік бағдар беру жұмыстары іске асырылып келеді. Оқу орындарымен жыл бойы кездесулер өткізіліп отырды.

«Менің келешектегі мамандығым жайлы арманым» 5-7 сынып сайыстар «Түлек, жол сенікі!» тренингтер 9-11 сыныптарда өткізіледі. «Бизнес стартап», «Жаңа мамандықтар атласы» жобаларына қатысып 8-11 сынып оқушылары жүлделі орындар иеленді.

#### **6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беруде, тұлғаның қоғамдағы жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау мақсатында «Бабалар өмірі - ұрпаққа сабақ». Этномәдени бірлестіктерге, мұражайларға, ескерткіштерге жыл бойы барды. Мектептің ақпараттық – кітапхана орталығында «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыруда жұмыс жоспары құрылған. 1-11 сыныптарда «Бір ел – бір кітап», «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы ұйымдастырылып, іс-шараларға оқушыларымыз, ата-аналар қауымдастығы қатысып отырды.

#### **7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

. Осы бағыт бойынша "Туған өлке сырлары" арнайы жобасы аясында өңіріміздің көрікті жерлеріне оқушыларымыз саяхат жасап, жоба жұмыстарын қорғап жүр. Сондай-ақ, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша, әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамыту мақсатында, мектебімізде оқу жылының басында «Дебат» қозғалысы жобасы жүзеге асырылып «Өркен» командасы жүйелі жұмыс жасап келеді. Оқушыларымыз қалалық дебат байқауларына қатысып жүлделі орындармен марапатталды.

Оқушылар үйірмелер, пәндік факультативтер, театр студиясы, спорт секциялары – осының барлығы балалардың өзін-өзі танытуы мен шығармашылығының жұмыстарымен айналысады. Оқушылар өз күшін сынап көруді таңдау құқығын сақтайды, ал мұғалім оның қабілеттерін анықтауға көмектеседі және кәсіп табуға көмектеседі. Ол сыныптағы, мектептегі барлық балалардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауға тырысады.

#### **8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша жасөспірімдер арасында нашақорлық, шылым, ішімдікке тәуелділіктің алдын алу бойынша арнайы жоспар құрылған. Аталмыш бағытта сынып жетекшілер мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі, аға тәлімгері, педагог-психолог, әлеуметтік педагогпен бірлесіп, әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

Мысал ретінде жыл сайын жыл ағымында өткізілетін жұмыстарға тоқталар болсақ, «Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!» атты сынып саттары өткізіліп, дәстүрлі «Денсаулық фестивалі» қыркүйек айында әр түрлі спорттық іс-шаралар түрінде өткізілді.

2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен Қарағанды облысының 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспарын басшылыққа ала отырып жасалды.

#### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табады.

Оқу жылының басында кәмелетке толмағандар арасында сырт келбетіне қарап нашақорлық заттарын қолдану белгілерін анықтау, "Қауіпті топқа" жататын жасөспірімдер тізімін жасау жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде ешқандай оқушы анықталмады. Мектептің Жас жол инспекторлары жыл сайын 1-4 сынып оқушыларына «Абайла, балақай!» акциясын ұйымдастырады.

"Нашақорлыққа жол" акциясы аясында әр түрлі тәрбиелік мәні зор іс-шаралар ұйымдастырылып, 5-9 сыныптарда "Жаман әдеттен сақтанудың жолдары" тақырыбында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған бейнероликтер көрсетілімі арқылы сынып сағаттарын өткізіледі. СПИД орталығының қызметкері Батырбекова А.А. кездесіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Бала және Бағдаршам» жобасы аясында Балқаш қаласы ЖПКБ ЮПТ учаскелік полиция аға лейтенанты Нұрбек Аян Алтайұлы оқушыларымен кездесу жиынын өткізді. Мектебімізде «Құқықтық білім мен құқық бұзушылықтың алдын алу», «Діни экстремизм, терроризм — бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп», «Нашақорлықтың алдын алу» тақырыптарында теолог маман Турлыбек Қ.С., Балқаш қаласы полиция бөлімінің бастығы Жуманғалиев А.М., Балқаш қаласы прокуратурасының прокуроры Қуанышбек А.Қ., Балқаш қаласы ЖПКБ ЮПТ учаскелік полиция аға лейтенанты Нұрбек А.А., аға лейтенант Н.Қоразбаев 8-10 сынып оқушыларына дәріс өткізіп, мектеппен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Әр айдың соңғы дүйсенбі күні әр сыныпта құқықтық тәрбие жұмысы жүргізіліп отыр.

Қыз балаларды адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу, өмірге деген көзқарастарын мағыналы түрде аша білуге және аналардың қыздар тәрбиесіндегі белсенділігін арттыру мақсатында мектеп медбикесі Сатбекова М.К. және поликлиника қызметкерлерімен тоқсан сайын тақырыптық қыздар жиналысы өткізіліп отырды.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиетті оқу арқылы рухани және адамгершілік әлеуетін арттыру мақсатында іс-шаралар атқарылды.

2023-2024 оқу жылында ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды. Мақсаты: балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту.

Орталық қызметін ұйымдастыруда арнайы жұмыс тобы құрылды. Ай сайын өткізілетін сабақ тақырыптары беріліп, жауапты мұғалімдер тағайындалды.

«Әр бала –жарық жұлдыз», «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер», «Ақыл айтпа, жол көрсет» тақырыптарына ата-аналарға тақырыптық сабақ өткізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында «Даналық мектебі» құрылды. Оның ішінде аталар мектебі, әжелер мектебі, ағалар мектебі, жеңгелер мектебі. Әр секцияның жұмыс жоспары бекітілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының және «Даналық мектебінің» жұмыс арқылы ата-аналардың мектеппен тығыз байланысы жақсарды.

Сондай-ақ «9 айға 9 іс-шара» жобасы шеңберінде ай сайын іс-шаралар өткізілді. Жоба аясында бірінғай «Әнұран орындау», «Бес асық» челенджі, «Болашаққа хат» шығарма жазу челенджі, «Қазқа есебі» челенджі өткізілді. Бұл жобалардың мақсаты өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық

құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде бірыңғай көзқарасты қалыптастыру болып табылады.

Мектепте «Өркен» дебат клубы жұмыс жасайды. Мақсаты: заман талабының сұранысына санасы жететін, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Осы мақсатқа жету жолында оқушыларымыз қарқынды жұмыстар атқарылуда. Қалалық деңгейдегі жарыстардан жүлделі ІІ,ІІІ орындарға ие болды.

#### «Өркен» дебат клубының жетістіктері

	Қалалық	Облыстық
2021-2022	2-орын-1 3-орын-3	
2022-2023	2-орын-3 Алғыс хат-1 Мадақтама-1	
2023-2024	1-орын-1 2-орын-4 3 орын-2	Сертификат-1

Жас сарбаз сыныптарында 2012 жылдан бастап оқушылар білім алып, тәрбиеленіп келеді. Қазіргі уақытта 5-9 сыныптар аралығында 5 Жас сарбаз сыныбы бар, онда 92 оқушы білім алуда.

Жас сарбаз сыныптарының оқушылары мемлекеттік білім стандартымен анықталған негізгі орта білімнің жалпы білім беретін бағдарламасын және төмендегі бағытта оқушыларды әскери дайындайтын қосымша бағдарламаны меңгеруде:

- әскери іс негіздері (Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің құрылымы және тарихы, саптық дайындық, әскери тактика және топография)
- жалпы физикалық даму (күнделікті жаттығулар, қоян-қолтық күрес)
- эстетикалық тәрбие (риторика, хореография).

Жас Сарбаз» сыныбын ашудағы негізгі мақсат– жасөспірімдерді ұлттық сана сезімі оянған, мемлекеттің саясатын жоғары құрметтейтін, әскердің қоғамда алатын орнын білетін, ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, эстетикалық талғамы жоғары, темір тәртіпті, қиындықтарды жеңіп шығатын, елінің патриоты болатын тұлға етіп тәрбиелеу.

Жас сарбаздарға патриоттық тәрбие берудің нәтижелілігін арттыруда әлеуметтік серіктестіктің ролі ерекше екендігін айта кету керек. Алматы қаласының әскери барлау ардагерлер одағының қоғамдық бірлестігімен әлеуметтік серіктестіктігі аясында жас сарбаздар Алматы қаласындағы Б.Момышұлы атындағы «Жас ұлан» мектебіне, «Арыстан» мамандандырылған лицейіне барды.

Сонымен қатар, Алматы қаласындағы 177-ші мұсылман батальонының мұражайына экскурсия ұйымдастырылып өткізілді. Аты аңызға айналған адамдың ерліктері туралы өз аузынан есту үшін жалпы білім беретін №8 орта мектебінің 16 ұланы арнайы Алматы қаласына барып қайтты. Ауғанстан соғысының ардагері, аты аңызға айналған қазақтың қара майоры Ауған соғысының ардагері, бас штабтың барлау басқармасының арнаулы

әскерінің 177 бригадасының командирі Керімбаев Борис Төкенұлымен кездесу өткізіліп, өз аузынан естеліктерін тыңдап қайтты.

Әскери барлау ардагерлер одағының қоғамдық бірлестігінің мүшесі Сасиков Серік Тусуповичтің ұйымдастырумен Аты аңызға айналған генерал Панфиловтың немересі және ұлы композитор Бакытжан Байқадамовтың қызы, қазіргі уақытта Алматыда ҚР Қорғаныс Министрлігі Әскери-патриоттық орталығының Әскери-тарихи мұражайын басқарып отырған Алуа Байқадамовамен кездесу ұйымдастырылды.

Тағы бір әлеуметтік серіктестік "TF-Security" күзет агенттігі ұжымының қатысуымен, демеушілігімен жыл сайын «Алау» әскери-спорттық ойыны ұйымдастырылады.

2021 жылы "Айбын-2021" әскери-патриоттық жастар жиынының республикалық кезеңіне мектебіміздің «Жас Сарбаз» командасы қатысты. Онлайн-форматтағы «Айбын» VII Республикалық әскери-патриоттық жастар жиынында «Жас сарбаз-жас тілшісі» жас тілшілер медиа-байқауы бойынша Үздік көрінгені үшін алғыс хатпен және белсенділік танытқаны үшін мадақтама қағазымен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай, «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Сарбаз сахнасы» әскери-патриоттық байқауының «Тәуелсіздік толғауы» номинациясы бойынша көркем сөз оқу байқауына жүлделі 1-орын, «Елім менің» ән айту номинациясы бойынша жүлделі 1-орынға ие болды. «Тарихи тұлғалар» номинациялары бойынша мектеп командасы бас жүлдеге ие болды.

№31765, 53898 әскери бөлімдерінде жас сарбаздар тұрақты экскурсияларда болып тұрады, «Боевое братство» қоғамдық ұйымымен байланыс негізінде далалық жиын, «Алау» әскери-спорттық ойындар ұйымдастырылады. Оқушылар сарайымен меморандум жасасу негізінде сарбаздар «Робототехника», «Кемеқұрастыру» үйірмелеріне қатысады. Қарағанды қаласының №58 мектебімен өзара байланыс туралы меморандум жасалып, тәжірибе алмасу мақсатында бірнеше бірлескен іс-шараларға қатысып отырды.

2023 жылы 5 –сынып жас сарбаз тәрбиеленушілері ант қабылдау рәсіміне Қарағанды қаласына барды. Жас сарбаздар салтанатты түрде ант қабылдап, оларға арнайы куәлік пен төсбелгі берілді.

Сонымен қоса Жас сарбаздар қаламыздағы №58853 әскери бөліміне ашық есік күніне барып, әскери қызметпен танысып қайтты.

#### Жас сарбаз сыныптарының жетістіктері

Оқу жылы	Бала саны	Жетістіктері		
		қалалық	облыстық	республикалық
2021-2022	91	1-орын-2 2-орын-1	1-орын-2	Алғыс хат-1 Бас жүлде-1
2022-2023	91	2-орын-1 3-орын-1	2-орын-1	
2023-2024	92	1 орын -2 2-орын-2	2орын -1	

Қазіргі уақытта жас сарбаз сыныптарының оқушылары әскери тәртіп дағдысын алған, әскери саппен жүруді толық меңгерген, заманауи деңгейде саптық дефиле жасауға машықтанған. Қазақстан Қарулы күштерінің құрылымы, тарихы, бүгінгі күнгі жағдайы туралы мәліметті меңгерген. Салауатты өмір салтын берік ұстанады

Бауыржан Момышұлының туған күніне арналған «Ұлт батыры-батыр Бауыржан» атауымен әскери –патриоттық жиыны өткізілді. Жиынға қала мектептерінің оқушылары, әскери бөлім қызметкерлері, қалалық білім бөлімінің әдіскерлері, төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері қатысты.

Мектепте пәндік үйірмелер мен спорттық секциялар жүйелі өткізіледі. Оқушылар мектептік және мектептен тыс өтетін үйірмелер мен спорт секцияларына да белсенділікпен қатысады.

Үйірме жұмыстарының негізгі мақсаты: оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және баланың шығармашылық жұмыспен айналысуына мүмкіндік туғызады. Пәндік үйірмелер нәтижесінде оқушылардың ұлттық дүниетанымы кеңейеді, танымдық қабілеттері артады, әрі теориялық білімдерін, өмірде қолдана білуге үйренді. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен Ұлы адамдардың өсиет сөздерінің мағынасын түсініп, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыланды.

Мектепте «Волейбол», «Баскетбол», «Футбол» және «Ұлттық ойын» спорттық секциялары оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі,

#### Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар

<i>Сын ыбы</i>	<i>Бағдарлама</i>	<i>Сағат саны</i>	<i>Пән мұғалімі</i>
1а	Көркем жазу	1	Бериказиева А.Ф.
1ә	Математика өмірде	1	Рыскулова С.Қ
1б	Математика өмірде	1	Минуарова А
1в	Математика өмірде	1	Байжігіт Ж
3ә	Математика өмірде	1	КарабаеваФ.М.
2а	Математика шыңы	1	Бакирова А.
2а	Жұмбақтар сандығы	1	Бакирова А
2ә	Математика және логика	1	Күзембаева М.С.
1б	Тіл дамыту	1	Минуарова А.А
3а	Математика және логика	1	Кенжебай Ж.А

3б	Математика шыңы	1	Нурмаханова Д
4а	Математика және логика	1	Төлеу А
4ә	Ғарыш физикасы	1	Бериказиева А.Ф.
4б	Математика және логика	1	Боқай Л.
4в	Тіл дамыту	1	Моншақбаева Ә
2б	Көркем жазу	1	Тылеубекова К
2б	Жұмбақтар сандығы	1	Байжігіт Ж

#### Спорттық секциялар

№	Үйірме атауы	Сағат саны	Пән мұғалімі
1	Футбол	1	Отарбаев А.
2	Волейбол	1	Дәкәрім А. А.
3	Баскетбол	1	Көшкінбаев А.
4	Ұлттық ойын	1	Қаппар Б
5	Теннис	1	Сатиев М.А.

#### Оқушыларды спорт секцияларымен қамту мониторингі

Оқу жылы	Секция саны	Қатысқан оқушы саны	Пайызы
2021-2022о.ж	5 секция	187	23,8%
2022-2023о.ж	4 секция	184	22,5%

2023-2024 о.ж	5 секция	206	26%
------------------	----------	-----	-----

Сонымен қатар оқушылар мектептен тыс өтетін «Қазақша күрес», «Бокс», «Би», «Домбыра», «Вокал», «Бейнелеу» үйірмелеріне де белсене қатысады. Үйірмеге қатысушылар мектепшілік және мектепаралық сайыстарға тұрақты түрде қатысып тұрады және қалалық, облыстық, халықаралық жарыстарға қатысып жүлделі I,II,III орындар иеленіп жүр.

#### Мектеп оқушыларының үйірмеге қатысу көрсеткіші

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Мектепшілік	458	462	476
Қалалық	487	458	462

Мектеп оқушыларының спорт және үйірме бойынша соңғы 3 жылдағы жетістіктер

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
<b>Қалалық</b>			
Алғыс хаттар, дипломдар	1-орын -5 2-орын -14 3 -орын -21	1-орын – 9 2 - орын - 16 3 - орын -18	1-орын - 8 2-орын -7 3-орын - 6
<b>Облыстық деңгей</b>			
Алғыс хаттар, дипломдар	1-орын -2 2-орын -1 3-орын -4	1-орын -3 2-орын -2 3-орын -6	1-орын -2 2-орын -3 3-орын -3
<b>Республикалық деңгей</b>			
Алғыс хаттар, дипломдар	1-орын -3 2-орын -3 3-орын -7	1-орын -3 2-орын -3 3-орын -6	1-орын -2 2-орын -2 3-орын -3

Оқушылардың шығармашылық, вариативті бөлік бойынша қатысқан нәтижелері сілтемеге орналастырылды.

#### 2021-2022 оқу жылы

<https://drive.google.com/file/d/1VNlojqdiQ3zbOSXKShQ95svbe9yo76qh/view?usp=sharing>

#### 2022-2023 оқу жылындағы жетістіктер

<https://drive.google.com/file/d/1VNlojqdiQ3zbOSXKShQ95svbe9yo76qh/view?usp=sharing>

#### 2023-2024 оқу жылындағы жетістіктер

<https://drive.google.com/file/d/1QbhGA-diHBHgXFAaaGtv3YH-V1VPNTw/view?usp=sharing>

Жол жүру ережелері бойынша тақырыптар сілтемеге орналастырылды:

<https://drive.google.com/file/d/1UVitf2qTtWi9BBCV6HP66ZgMvXfy3bmM/view?usp=sharing>

**Тұжырым:**

-Ата-аналарды сыныптық және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуға тарту;

- Кәсіптік бағдар беру жөніндегі жұмыста оқушыларды кәсіптер туралы, кәсіп мамандарын даярлайтын оқу орындары туралы хабардар ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.

- Білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркемдік - эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс әрекеттер арқылы ұлттық құндылықтарға баулып, функционалдық сауаттылықтарын арттыру.

### Тәрбие жұмысына талдау

<p><b>КҮШТІ ЖАҚТАРЫ</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>✓ Мектепте «Өркен» дебат клубының жұмысының жүйелі жолға қойылып, оқушылардың белсенділіктерінің артуы;</li><li>✓ «Жас Сарбаз» сыныптары ерте кезден бастап өздерін қоғамға қалыптастырып, дамуы үшін жұмыс жасауы, өзінің қандай салаға бейімді екенін анықтауы.</li><li>✓ Патриоттық бағыттағы жұмыстың жүйеге қойылғандығы;</li></ul>	<p><b>ӘЛСІЗ ТҰСТАРЫ</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>✓ - Оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдаланбауы</li><li>- Кейбір отбасыларда ұлттық тәрбиені баланың санасына сіндіру үрдісі баяу, тәрбие ісін салт-дәстүрмен байланыстырмауы;</li><li>✓ Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қоғамдық орындағы тәртіп туралы түсіндірме жұмысты күшейту.</li></ul>
<p><b>МҮМКІНДІКТЕР</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>-Педагогикалық үрдіс бойынша тәрбиелеуде жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану;</li><li>- Сабақтан тыс уақытта балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;</li><li>- Әлеуметтік серіктестердің қолдауы</li><li>-Мектеп Парламентінің жұмысын жандандыру</li></ul>	<p><b>ҚАУІПТЕР</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>✓ Ата-аналардың жұмыс басты болуы. Кейбір ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауы, отбасы тәрбиесінің жеткіліксіздігі.</li><li>✓ Интернет арқылы берілетін жағымсыз ақпараттан оқушыларға келетін қауіп-қатерлері.</li></ul>

Мектеп директорының м.а.  А.Т.Абдуалиева

